

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Анатомия кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Латынша анатомиялық сөздіктер .Халықаралық анатомиялық номенклатура.

Орындаған: Абдзахманова Сауле 1-007 ЖМФ

Тексерген:

Қарағанды 2014 ж

ЖОСПАР:

- Кіріспе
- Анатомиялық терминдер түсінігіне шолу
- Қазақ анатомиялық терминдерін құру кезінде негізге алынған қағидалар
- Номенклатура дамуы
- Алшақ жатқан дене осының және дене бітімінің атаулары терминдермен сипатталуы.
- Негізгі дене мүшелерінің орналасуын сипаттайтын терминдер.
- Негізгі жазықтар мен кесінділер:
- Адамның анатомияда қарастырылуы.
- Орналасу бағыттары
- Қол-аяқ басы бағыттарындағы атаулар
- Жазықтықтар
- Қорытынды

Кіріспе:

Медицина ғылымының негізгі бір саласы - адам анатомиясы - медицинаның іргесін қалайтыны белгілі. Болашақ дәрігерлердің адам денесінің құрылымы туралы білім алуы «**медицина әліп - песін**» анатомиялық терминдерді игеруден басталады. Жоғарғы оқу орындарына түскен студенттерге ең алғашқы күндерден бастап-ақ анатомиялық латын терминологиясының сөздігі қажет болады. Мұндай сөздіктің, орта мектепті бітірген жастар үшін латын терминдерін орыс және қазақ тілдерінде оқып түсінуінде маңызы өте зор.

Анатомиялық терминдер түсінігіне шолу

Анатомиялық терминдер дене мүшелерінің нақты атауымен қай жерде орналасқанын атау үшін қолданылады, және басқа да кеңестіктегі анатомиялық мүшелердің аталуын олардың бір бірімен анатомиялық байланысын білдіреді. Сонымен қатар жануарлар дене мүшесін де анатомиялық терминдермен қарастырамыз. Және де анатомиялық терминдерге сай бірнеше қасиеттер бар. Олар бірнеше баптарда қарастырылады.

Бір кездегі еліміздегі ұлттық саясаттың саяз, қиын жылдарында алғашқы анатомия терминдерді қазақша-орысша-латынша сөздіктерді жарыққа шығарған (1963, 1966) қазақ халқының көрнекті азаматтары — Қарынбаев Сибағадолла Рысқалиұлы мен Сүбханбердин Сәлкен Хасенұлы еді. Олар өздерінің мемлекеттік деңгейде үлкен қызмет атқаруларына қарамастан (Қазақстанның денсаулық сақтау министрі, республикалық дәрі-дәрмек басқармасының төрағасы), "ұлтшыл" деген жала жабылудан қорықпай көмектесіп, кейіннен білім, ғылым салаларында және әкімшілік қызметтерінде жетіліп қалыптасуына әсерін тигізген.

Халықаралық анатомиялық номенклатураны құрудың жауапты редакторы, белгілі кеңес анатомы С.С.Михайлов (1987): "қазір орыс анатомия номенклатурасын жасау кезеңінде транскрипция және транслитерация әдісін пайдаланбау мүмкін емес. Тіл дамытудағы мүмкін жолдарының бірі осы тәсілдер" — деп жазды. Ал В.Даль өзінің атақты сөздігін «Тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігі» деп кездейсоқ атамағанын ескертеді де: "Тіл әрқашан да дами береді, ол шындығында да тірі" — деп есептейді.

Жданов: «Бұл ғылым тарихында бірінші рет халықаралық дәрежеде ресми түрде мойындалған латын анатомиялық терминдерінің тізімі. Өйткені ғылымның әр түрлі салаларында латын тілі бұрынғыдай халықаралық тіл болып қала береді. Сөз жоқ, кеңес анатомдарының жақын арадағы міндеті ұлттық анатомиялық терминологияны құрастыру болып табылады. Бұл салада Н.А. Шейн, Н.М. Максимович-Амбодик, Е.О.Мухин, Г.А. Загорский, Н.И. Дьяконов, Н.А. Карузин және басқа орыс ғалымдары көп еңбек еткен» — деп жазды.

Орыс анатомиялық номенклатурасын жасаудың негізгі қағидалары «Халықаралық анатомиялық номенклатура» деген кітаптардың (1980, 1986) алғы сөздерінде баяндалған. Бұл қағидалар қазақ анатомиялық терминдерін құру кезінде негізге алынған. Бұлар :

1. Орыс анатомиялық терминдері мағынасы бойынша мүмкіндігінше ресми латын терминдеріне жақын болуы керек. Алайда сөздің шығу тегін (**ЭТИМОЛОГИЯСЫН**) сақтау әрекеті үстем болмауы керек. Сондықтан терминдерді сөзбе-сөз аударып, анатомиялық құрылымдардың мәнін бұрмалауға жол беруге болмайды.

2. **Эпонимикалық терминдер**, яғни ғалымдардың есімдерімен аталған анатомиялық құрылымдар аттары, клиникалық терминдердің негізі ретінде қалыптасып кеткен жағдайда ғана орыс анатомиялық номенклатурасында синонимдер ретінде сақталады (мысалы, «**Гаймор қуысы**»- «**Гайморит**», «**Евстахий түтігі**» — «**евстахит**» және т.б.).

3. Шет тілден алынған, халықаралық ресми терминдерге сәйкес келетін және медицинада кеңінен пайдаланатын **кірме** сөздердің де (**медиалді, латералді, миокард, ганглии** және т.б.) қолданылуына жол берілуі керек.

4. Шет тілдік терминдердің орыс тілінде қолданылатын қанағаттанарлық және қолайлы эквиваленттері жоқ болса, олардың орысша транскрипциясы пайдаланылуы керек (мысалы, гипокамп, таламус, гипоталамус т.б.). Сонымен қатар, егер шет тіл терминдері медицинада кеңінен таралған болса, олардың орыс тіліндегі транскрипциясын қолданған дұрыс.

5. Мүмкіндігінше белгілі бір латын сөзін аударғанда, оның орысша бірнеше эквиваленттері болмауына тырысу керек.

Номенклатура дамуы

Анатомия терминдерінің ең алғашқы латын тіліндегі тізімі 1887 жылы Германияда шетелдің көрнекті ғалымдарының қатысуымен құрастырылды. Бұл тізім Германия анатомиялық қоғамының 1895 жылы Базельде өткен конгресінде бекітілді. Тізім **Базель анатомиялық номенклатурасы** (**V. N. A. — Basler Nomina Anatomica**) деген атпен жарияланды. Алайда, бұл номенклатура анатомдар арасында баяу таралды, ал Англия мен Францияда тіптен қолданылмады десе де болады. Көптеген анатомдарға, В.М.А.-ны түзетіп, толықтыру қажет екені аян болды. Сондықтан, Германия анатомиялық қоғамының 1935 жылы Иенде өткен съезі, анатомиялық терминдердің жаңа тізімін қабылдады. Бұл тізім, ғылыми әдебиетке — **Иен анатомиялық номенклатурасы** (**I.N.A. — Ienar Nomina Anatomica**) деген атпен енді.

1955 жылғы Париждегі конгресте халықаралық анатомия номенклатурасы комитетінің (I.A.K.C.) ұсынуымен, Париж анатомиялық номенклатурасы (P.I.A) деп аталған анатомия терминдерінің жаңа тізімі бекітілді. Егер бұрынғы Ш.А. тізімінде 5600 анатомиялық терминдер болса, Париж номенклатурасы 200-ден аса жаңа терминдер енгізді де, Базель номенклатурасына кірген 4286 терминдерді қалдырды.



Weltreport.de

Экскурсии
по Европе

Алшақ жатқан дене осының және дене бітімінің атаулары терминдермен сипатталуы.

- Абаксиалді(антонимі: адаксиалді) — осьтен алшақ орналасқан.
- Адаксиалді (антонимі: абаксиалді) — оське жақын орналасқан.
- Апикалді(антонимі: базалді) — жоғарғы ұшында орналасқан.
- Базалді (антонимі: апикалді) — негізінде орналасқан.
- Дисталді (антонимі: проксималді) — алшақ орналасқан.
- Латералді (антонимі: медиалді) — жаны.
- Медиалді (антонимі: латералді) — ортасы.
- Проксималді (антонимі: дисталді) — жақын орналасқан.

Негізгі дене мүшелерінің орналасуын сипаттайтын терминдер.

- Аборалді (антонимі: адоралді) — Ауыз қуысына қарама қарсы дене полюсінде орналасқан.
- Адоралді (оральді) (антонимі: аборалді) — Ауыз қуысына жақын орналасқан.
- Вентралді (антонимі: дорсалді) — кеуделік.
- Дорсалді (антонимі: вентралді) — арқалық.
- Каудалді (антонимі: краниалді) — артқы дене мүшелеріне жақын орналасқан.
- Краниалді (антонимі: каудалді) — бастық, басқа немесе алдыңғы дене мүшелеріне жақын орналасқан.


Негізгі жазықтар мен кесінділер:

- Сагитталді — кесінді, дене жазықтығында екі жағынанда симметриялы жүргізіледі.
- Парасагитталді — кесінді, дене жазықтығындағы екі жақты симметриялық сызыққа параллелді жүргізіледі.
- Фронталді — кесінді, перпендикулярлы сагитальді алдыңғы және артқы дене осьнен алшақ жүргізіледі.
- Аксиалді — кесінді, жазық дененің көлденең бойымен өтеді

Sagittal plane

Coronal plane

Transverse plane



Адамның анатомияда қарастырылуы.

Адамның барлық анатомиялық көрінестері мынадай тұжырымға әкеледі, демек, дене бітімі анатомиялық позиция тұрғысына жатады. Яғни, адам тік тұрып, қолын төмен ұстап, алақанын алдыға қаратып ұстайды.

Аймақтар, басқа жақын орналасса, жоғарғы деп аталады; алшақ орналасса — төменгі. жоғарғы, superior, краниалді деген ұғымға сәйкес, ал төменгі, inferior, — каудалді ұғымы. алдыңғы, anterior, және артқы, posterior, вентралді және дорсалді ұғымына сәйкес. Алдыңғы және артқы ұғыдары төрт аяқты жануарларға қолданылмайды, оларға, вентралді және дорсалді ұғымдарын қолданамыз.


Орналасу бағыттары

Денеге жақын орналасқан орташа жазықтық — медиалді, *medialis*, ал алшақ орналасса — латералді, *lateralis*. Ал орташа жазықтықта орналасса ортаңғы *medianus* деп атайды. Мысалы, бет сүйегі мұрын қанатынан сәл латеральді орналасады, ал мұрын ұшы ортаңғы құрылым болып табылады. Егер ағза екі туындының ортасында жатса онда оны, аралық — *intermedius* деп атайды.

- Кеудеге жақын орналасса проксимальді, егер алшак орналасса, дистальді деп атаймыз. Бұл терминдерді тек сүйектерде ғана емес ,сонымен қатар, органдарда да қолданамыз.
- Органдардың қалпын, оның қаншалықты тереңдікте жатқанын сипаттауға қолданатын терминдер: терең, profundus, беткейлік, superficialis.
- сыртқы, externus, ішкі, internus, бұл терминдерді органдардың әр түрлі орналасу дене қуыстарына қарай қолданылады.
- Термин висцеральді, visceralis (viscerus — ішкі) Қандай да бір органға жақын орналасқанды білдіреді. Ал париетальді, parietalis (paries — қабырға), — яғни қандай да бір қабырғаға жақын орналасуы. Мысалы: висцеральді плевра өкпені жабып жатады, ал париетальді кеуде қуысының жоғарғы жағын жабып жатады.

Қол-аяқ басы бағыттарындағы атаулар

- Жоғарғы қол басы алақанға бағытталған термин *palmaris* — алақандық, ал төменгі аяқ басы табанға бағытталған термин — *plantaris* — табандық.
- Көрі жілік, *radialis*, шынтақ жілік—, *ulnaris*. Асықты жілік, *tibialis*, ал қарама қарсы жатқан асықты жілік шыбығын —, *fibularis* деп атайды.



Жазықтықтар

- Сагитталді жазықтық , XZ , денені оң және сол жартыға бөледі, разделяет правую и левую половины тела. Дненің екіге бөлінгендегі ортаңғы жазықтығы сагитталді жазықтық деп аталады.
- Фронталді жазықтық, немесе короналді, YZ , көлденең орналасқан,сагитталді жазыққа перпендикулярлы, ол дененің алдыңғы бөлігін(вентральную) артқы бөлігінен (дорсальной) ажыратады.
- Горизонталді, аксиалді, немесе көлденең жазықтық, XU , алдыңғы екеуімен перпендикулярлы және жер бетіне параллелді жатады. Бұл жазықтық дененің жоғарғы бөлігін төменгі бөлігінен ажыратады.

Қорытынды:

Медицина саласында терминдер өте үлкен, зор орынды алады. Әр болашақ медицина қызметкері алға басуын осы медициналық терминдерден бастайды.

Терминдерді білу медицина қызметке - рін науқаспен қарым – қатынас жасауда біліктігін көрсетеді.

И.Р.Лазовскис (1989): "Медициналық терминдердің құрамы мен саны ғылым мен техниканың дамуына тікелей бағынышты. Әрбір жаңалық жаңа терминдерді қажет етеді. Медициналық терминдер саны бес жүз жыл ішінде (1380-1880) екі есе өссе, ал соңғы жүз жылдықта (1980 жылға дейін) оның саны тағы да екі есе өсті және үстіміздегі жүз жылдықтың соңына дейін терминдер әлі де екі есе өсе түсетінін мөлшерлеп айтуға болады", — деп жазды.

Француз ғалымы **Пуанкаренің** де сөзін еске түсіру орынды: "Жақсы табылған бір сөз арқылы қандай үлкен ой үнемін іске асыруға болады. Кейде жаңа бір сөз жасаудың өзі жаңалықтың басы болып табылады".

Қолданылған әдебиеттер:

- М.Исамбаев. Орысша-латынша-қазақша терминология сөздігі. Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. Алматы, 1960.
- Михайлов С.С. Международная анатомическая номенклатура. Москва, Медицина, 1980.
- Адам анатомиясы: 2 томдық кітап./Под ред. М.Р. Сапина.
- Ә.Б.Әубәкіров, Ү.Ж.Жұмабаев, Ф.М.Сүлейменова, Қ. Е.Сисабекова «Атлас адам анатомиясы»
- Интернет google.com
- Wikipedia.ru

*Назар қойып
тындағандарыңызға
рахмет!*